



Автор: Досмухамбетова Динара Булатовна

Пән: Физика

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Механикалық қозғалыс

Тақырып: Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу

Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу	Барлық оқушылар: қозғалыстағы дененің жылдамдығының формуласын және формула арқылы есептер шығара алады. Оқушылардың көпшілігі: жылдамдықтың өлшем бірліктерін ХБЖ жүйесіне келтіріп, формуласы арқылы есептер шығара алады. Кейбір оқушылар: жылдамдықтың және орташа жылдамдықтың формуласы арқылы есептер шығара алады.
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Сәлемдесу, түгендеу Шаттық шеңбері 2. Топқа бөлу Қозғалыс түрлері бойынша топқа бөлу «Жүзетін дене», «Ұшатын дене», «Жер бетінде жүретін дене» ажыратып кеспе қағаздар арқылы топқа бөлу Сәйкестендіру тесті Материялық нүкте Дене тең уақыт аралығында әр түрлі жол жүріп өтсе Орын ауыстыру Қозғалыстың қарастырылып отырған жағдайында өлшемдерін елемеуге болатын денені айтады Бір қалыпты қозғалыс Бастапқы орнын оның келесі орны мен қосатын бағытталған кесіндіні айтады Бірқалыпты емес қозғалыс Дене тең уақыт аралығында ұзындығы бірдей жол жүрсе Қозғалыс траекториясы Санақ денесімен байланысқан байланысқан координата жүйесі мен сағатты айтамыз Механикалық қозғалыс Денемен салыстырғандағы кезінде сызық түрінде қалдырған ізі Санақ жүйесі Дененің немесе дене бөлшектерінің уақыттың өтуіне қарай бір – бірімен салыстырғандағы бұрынғы орнының өзгеруі Бірін - бірі және өзін – өзі критерий бойынша өткен тақырыптың білім деңгейін бағалау Бағалау критерийлері Балл 1-2 3-4 5-6 7 Баға Төмен Орташа Жақсы Өте жақсы 3. Сабақтың мақсатын қалыптастыру Әр топқа қозғалыстағы техника, жан жануарлар мен адамдардың суреттері беріледі. (Топтық жұмыс) Келесі сұрақтарға жауап беріңіз: 1. Бұл суреттерді не біріктіреді? 2. Айырмашылығы неде? Формативті бағалау	
Сабақтың ортасы	Оқулықпен жұмыс. Мәтінді өз ара топта бөліп оқып талқыға салып жоба дайындайды «Джексо» әдісі бойынша топтағы оқушылар 3-ке бөлінеді. Әр оқушы өзінің санына сәйкес келетін мәтінді оқиды, топта талқылайды. Жоба қорғау «Екі жұлдыз бір тілек» арқылы бағаланады 1. Деңгейлік жұмыс. «Есептер шығару» «Жүзетін дене» топ: Велосипедші бірқалыпты қозғалып, 30 мин ішінде 9 км жол жүрген. Велосипедшінің жылдамдығын тап. «Ұшатын дене» топ: 750 км/сағ жылдамдықпен қозғалатын ұшақ 6 сағ ішінде қандай аралықта ұшып өтеді? «Жер бетінде жүретін дене» топ: Күннен Жерге дейінгі қашықтық шамамен 150 млн км. Жарық жылдамдығы 300 000 км/с. Жарық Күннен Жерге қанша уақытта жетеді? 2. Тест «Иә-жоқ» физикалық диктанты (Тестировщик арқылы) 1. 10 бірлік мың = 100 000 2. Жылдамдықты табу үшін $V = S : t$ формуласын қолданамыз. 3. Жылдамдықты табу үшін қашықтыққа уақытты көбейтеміз. 4. Уақыттың өлшем бірлігі сағат. 5. Жылдамдық- уақыт бірлігінде жүріп өткен қашықтық 6. Жылдамдық V әрпімен белгіленеді. «Транскрипция» әдісі 1-топ А3 форматына есептің шартын жазады. 2-топ осы форматқа жылдамдықты есептеу формуласын жазады, 1-топтың жазбаларын толықтырады. 3-топ осы форматқа тапсырманы есептейді, жауабын жазады және 2-топтың жазбаларын толықтырады. 3-топтың жазбаларын 1-топ толықтырады. Оқушылар АКТ-ны қолданып, кеме, ұшақ, автомобильмен жолда жүру ережелерімен танысады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтыңсоңы	Оқушылар «Плюс-минус-қызықты» әдісімен кері байланыс береді. «+» жағымды жақтары «-» жағымсыз жақтары «қызықты» қызықтырған ақпарат, сұрақтар Үй тапсырмасы: 7.2.1.4 – қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеуОйыншық машина қозғалысының орташа жылдамдығын анықтаңдар.	